



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

табысы жоқ жесір (uxor indotata) кез-келген мұрагермен қатар 100 фунт алтыннан аспайтын мөлшерде мұрагер бола алатын. Өзбалаларымен мұрагер бола отырып, ол узуфрукт алу құқығына да ие болды. Егер барлық кезек бойынша мұрагерлер болмаса ол мемлекеттік қазынаға немесе монастырьға не шіркеуге өтетін. Бастапқыда өсиет қалдырушы өзінің мүлкіне билік етуге қатысты шексіз еркіндікке ие болды, бірақ біртіндеп өсиет қалдырушыға шектеулер беріле бастады. Бұл шектеулер бойынша өсиет қалдырушы өзінің туыстарына қатысты қамқорлық жүргізуі тиіс болатын. Осыған байланысты қажетті мұрагерлік институты пайда болды. Классикалық кезеңде жақын туыстары мұрадағы міндетті үлеске ие болды. Мұрадағы міндет үлесі заң бойынша мұрагерлік бойынша қалдырылатын үлес бойынша анықталды. Бұл үлес (portio debita) легат жолымен де орнай алатын. Юстинианның 118 новелласында міндетті үлес мөлшерін көбейтті. Үлкен патриархальдық отбасының ыдырауына байланысты агнаттық туыстық өз маңызын жойды және мұрагерлер мұрагерлікке кезектілік бойынша шақырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: Жоғары орындарына арналған акад. Курс. 1-том. – Алматы: “Жеті жарғы”, 2001 ж.
2. Киреева Т.Т., Климикин С.И. Защита права собственности. – Алматы, 2000 г
3. Глущенко П.П., Седов А.М. Основы нотариальной деятельности. Учебное пособие. 2-е изд. – С-Петербург, 2000. Большая советская энциклопедия. – М., 1976. Т.24, кн.1. 556 с.
4. Новицкий И.Б. Римское право: учебник для вузов / МГУ им. М.В. Ломоносова, Юрид. ф-т. - М.: Юрайт, 2011.
5. Яхагоев Р.В. Историко-правовой анализ механизма защиты прав собственности в Римской империи // История государства и права.-2007.-№16.
6. Горбунов М.А. Система римского частного права I-III веков нашей эры / Рос. правов. акад. Минюста России. - М.: РПА Минюста России, 2010.

УДК 341.9

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАЛАЛАРЫН АСЫРАП АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ

Шуакбаев Адилет Санатович

shuakbayev01@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

Аңдатпа. Мақалада ҚР балалары мен жасөспірімдерін шетел азаматтарымен асырап алу мәселелері айшықталады. Балаларды асырап алу реті, нақты цифрлар мен көрсеткіштер жауапты құзырлы органдармен сараланған.

Түйін сөз. конвенция, құқықтық институт, бала асырап алу институты, бала асырап алуға құзырлы органдар, халықаралық құқық, халықаралық жеке құқық.

Халқымыз «Әке - асқар тау, ана - бауырындағы бұлақ, бала жағасындағы - құрақ» дегендей, өмір ұрпақ жалғастығынан тұрады. Сондықтан балалардың құқықтарын қорғау - бұл басты міндет. Балалардың мүдделерін қамтамасыз етуді негізгі мақсаты деп атап көрсеткен «Балаларды қорғау және шетелдіктердің бала асырап алу қатынасындағы ынтымақтастық туралы» Конвенция мен Қазақстан Республикасының заңнамалары балаларды тумысынан белгілі құқықтарға ие, тәуелсіз тұлғалар ретінде таниды. 1998 жылы

17 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» № 321-І Заңы да балалардың негізгі құқықтары - өмір сүру мен отбасында тәрбиелену деп бекітті [1]. Өкінішке орай, көптеген балалар әр түрлі себептермен ата-анасының қамқорлығынсыз қалып жатады, осындай жағдайларда олардың мүдделерін қорғау мемлекетке артылады. Дәлірек айтқанда, ол өз органдары арқылы әр баланың толық және қалыпты отбасында тәрбиелену құқықтарын жүзеге асыруға көмек көрсетеді.

Балалардың отбасында тәрбиеленуге алынуының бірнеше дәстүрлі нысандары бар. Ең маңызды құқықтық институт бала асырап алу институты болып табылады. Бала асырап алу - бұл заңды түрде баланы отбасына қабылдау. Бала туысқан ретінде ұлы не қызы болып барлық құқықтар мен міндеттерге ие болады, ал ата-аналар үшін - бұл бала тағдырына және оның толық дамуына ең жоғары дәрежедегі жауапкершілік. Мұндағы бала асырап алу институтының маңыздылығының себебі, біздің мемлекетте отбасылық тәрбие алудың басымдылығына көп көңіл бөлінеді, ал қамқорлыққа зәру болған балалар үшін осындай тәрбиелік нысанды тек бала асырап алу институты ғана қамтамасыз ете алады.

«Бала асырап алу» ұғымының тарихына тоқталар болсақ, алғашқы «Бала асырап алу туралы Заң» Массачусетс штатымен 1851 жылы АҚШ-та қабылданды. Бұл заңнама бойынша асырап алынған бала асырап алушының баласы деп танылып, ата-ананың биологиялық балаларына тиісті барлық құқықтарды иеленген. Мұндағы сот асырап алушылардың асырап алынған баланы азық-түлікпен қамтамасыз ету жағдайларын қадағалаумен қатар, баланың білім алу жағдайын да тексеруге міндетті болған. Осындай заңды түрде бала асырап алудың негіздері Францияда Наполеон Кодексіне XVIII ғасырдың басында енгізілсе, Ресейде Александр I кезінде бекітілді. Ресей бала асырап алуда көптеген шектеулер қойды. Мысалы, дворяндар бала асырап алуды тек император рұқсаты негізінде жүзеге асырса, дін қызметкерлері және өзге де лауазымды тұлғалар бала асырап алуды тек сенат рұқсаты негізінде жүзеге асырды. Бұл кезеңдегі ең тиімді, әрі ең жеңіл түрдегі бала асырап алу үрдісі тек шаруаларға ғана қолданылды, яғни бұл үрдіс тек асырап алушының асырап алған баланы шаруалардың «Отбасы құрамы» құжатына енгізумен ғана шектелген болатын.

Халықаралық бала асырап алу тарихында маңызды рольге ие болған жазушы, әдебиет бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Перл Бак болатын. Ол Қытайда дүниеге келіп, өзінің екінші Отаны болған АҚШ-та өскен. Көп асырауға алынбаған азиаттық балалардың тағдыры тамсандырған ПерлБак 1949 жылы түрлі ұлтты бірнеше баланы асырап алып, әлемдегі алғашқы «Welcome House» («Үйге қош келдің») атанған халықаралық бала асырап алу агенттігін құрады [2]. Оның осы «Welcome House» атанған агенттігі қазіргі таңда да өз мақсатына сәйкес қызметін жүзеге асыруда.

Еліміздің тарихында қиын-қыстау кезеңдерде жетімдеріне қамқоршылық көрсете білген. Ұлы Отан соғысы жылдарында БКП(б) Орталық комитетінің «Жетім балаларды асырап алу жөнінде» жасырын қаулысы шығып, оған үн қосқан барлық мемлекет басшылары жетімдерге мейірімділік танытуды көрсеткен болатын. Мәселен, Сталин Артем Сергеев деген жетім баланы асырап алған. Ол соғысқа басынан аяғына дейін қатысып, ерлікпен қаза тапқан. Ворошилов Фрунзенің ұлы мен қызын бауырына басып, Петр деген жетім баланы асырап алған, кейін одан немере сүйген. Буденный, Ежов, Каганович бір-бір қыздан асырап алса, Шаяхметов те бір ер бала асырап алып, азамат етіп өсірген.

Дәстүрлі қазақ әдет-ғұрпына келер болсақ, біреудің нәрестесін бауырына салу, яғни бала асырап алу, - қазақтың ежелден келе жатқан салт-дәстүр болып саналған. Бала асырап алу, негізінен, өз кіндігінен ұрпақ болмаған жағдайда жүзеге асырылған. Өз кіндігінен нәресте болмаса немесе балалары құтаймай, шетіней берсе, мұндай шаңырақ жақын-жуықтарының бірімен келісімге келіп, баласын бауырына салатын болған. Қазақ салтына орай, бала асырап алушы, әдетте, той жасап, ер бала болса - асықты жілік, қыз бала асырап алатын болса - тоқпақ жілік ұстау ғұрпын істеген. Баланың қолына жілік ұстату олардың көпшілік алдындағы анты, уәдесі іспетті болған. Жұрт алдында балаға жілік ұстату арқылы екі жақ та бала алу, бала беру ісіне ризашылығын танытады. Қазақ арасында немерелерін ата-әкелерінің «бауырына салып» алатын дәстүр де кеңінен ұшырасады. Бұл, әрине,

немересін өз баласы деп санайтын ата мен әженің жарасымды өзiмшiлдiгi. Мұндай дәстүр бала асырап алды деп аталынбай, кәдiмгi туыстық дәстүрлi қарым-қатынастың шынайы көрiнiсi едi. Мiне, осылай, қазақ жерiнде «Жетiмдер үйi» деген атау болмаған. Тiптi, жетiм дегеннiң өзi өте ауыр сөз болатын. Деректерге сүйенсек, мұндай мекемелер бiздiң елде кеңестiк қоғам кезiнде пайда бола бастады. Ал ондағы жетiмдер саны әсiресе Тәуелсiздiк алған жылдардан кейiн көбейе түстi. Күнде естiп жүргендiктен бе, жоқ, әлде санамыздың өзгергендiгi себеп болды ма, қазiргi уақытта бiз «жетiм» деген сөздiң қаншалықты қасiреттi, ұлт үшiн ұят екенiн сезiнбей жүргендеймiз.

Әр баланың ынтымағы жарасқан, берекелi отбасында мейiрiмге бөленiп, бағы жануы тиiс. «Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 52-бабында да баланың өз ата-анасымен тәрбиеленуiне, оның мүдделерiнiң қамтамасыз етiлуiне, жан-жақты жетiлуiне, оның адамдық кәдiр-қасиетiнiң құрметтелуiне құқығы бар екендiгi бекiтiледi. Мiне, осындай қамқорлыққа зәру болған балаларды әлеуметтiк қорғаудың ең тиiмдi нысаны бұл балалардың мүдделерiн барынша жоғары қамтамасыз етуге мүмкiндiк беретiн және өздерi балалы бола алмайтын жас жанұяларға бала тәрбиелеу мүмкiндiгiн тудыратын бала асырап алу болып табылады.

«Бала асырап алу» терминi заң ғылымында әр түрлi мазмұндалады. Көпшiлiк ғалымдар бала асырап алуды ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды орналастырудың нысаны ретiнде түсiндiредi. Ендi бiреулерi заңды акт деп есептейдi, бұл жағдайда бала асырап алу асырап алушы мен асырап алыншы баланың арасындағы жаңа құқықтық қатынастың пайда болуы және баланың биологиялық туғандарымен құқықтық байланысының үзiлуiне әкелетiн заңды факт ретiнде түсiндiрiледi. Қорыта келгенде, бала асырап алу — бұл құқық құраушы және құқық тоқтатушы заңды факт.

Заңнамада және заңды әдебиеттерде бала асырап алу асырап алушымен (оның туыстарымен) және асырап алынған баламен бала асырап алу актiсi негiзiнде пайда болатын құқықтық қатынас болып танылады. Негiзiнен, бала асырап алу ата-анасының қамқорынсыз қалған баланың отбасында өмiр сүру мен тәрбиелену және қорғауға ие болу құқықтарын жүзеге асыруға бағытталған. Ақырында, «бала асырап алу» бала асырап алу бойынша қатынастарды реттеуге қолданылатын құқықтық нормалардың жиынтығын құрайтын және бала асырап алуды бекiту мен тоқтату тәртiбiн, құқықтық қатынастарға түскен қатысушыларының құқықтары мен мiндеттерiн анықтайтын отбасы құқығының институтын белгiлейдi.

ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңының 76-бабының 3-бөлiгiне сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балаларды шетелдiктерге асырап алуға беру тек Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарына тәрбиелеуге беру мүмкiн болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы аумағында шетелдiктердiң, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы азаматы болып табылатын баланы асырап алуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргiзiледi [1].

Шетел азаматы Қазақстан Республикасының тұрғыны болып табылатын баланы асырап алуға тiлек бiлдiрсе, алдымен өзiнiң тұрақты мекенжайындағы мемлекеттiң орталық органына өтiнiш жасайды. Сол шетел азаматы тұратын мемлекеттiң орталық органы өтiнiш иелерiн бала асырап алуға құқылы және бұған сәйкес деп таныған болса, олардың жеке тұлғасы, бала асырап алуды жүзеге асыруға жарамдылығы, биографиялық мәлiметтерi, дәрiгерлiк анықтамасы және отбасының тарихы, әлеуметтiк ортасы, бала асырап алудың себептерi, шет елдiк бала асырап алуға қабiлеттiлiгi туралы ақпараттарды баяндап, олардың қамқорлығына алынуы тиiс бала туралы мiнездеме дайындайды. Осы құжаттарды мемлекеттiк лицензиялар негiзiнде қызметтi жүзеге асыратын агенттiктер беретiн ықтимал ата-аналардың қаржы жағынан әл-ауқаты, жеке басының адамгершiлiк қасиеттерi туралы анықтамамен бiрге, қорғаншы және қамқоршы органға бала асырап алғысы келетiнi туралы жазбаша арыз тапсырады. Сонымен қатар бала асырап алғысы келетiн шетелдiктер жеке өзi бала таңдап алуға және баламен екi апта бойы тiкелей жақын араласуға мiндеттi болып табылады. Баланы асырап алуды бала асырап алуға тiлек бiлдiрген адамдардың (адамның)

арызы бойынша сот жүргізеді. Бала асырап алу туралы істерді сот азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген ережелер бойынша ерекше іс жүргізу тәртібімен жүргізеді [3]. Қазақстан Республикасы баласын асырап алу ниетін білдірген шетел азаматы асырап алғысы келетін баламен екі апталық қарым-қатынасты өткізгенге дейін шетелдіктермен берілген арыз Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 155- бабының 1-бөлігіне сәйкес қозғалыссыз қалдыруға жатады.

Бала асырап алу бойынша баланың тұрғылықты жеріндегі кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотқа өтініш беріледі. Мұндағы баланы асырап алу туралы өтініште:

бала асырап алушылардың (бала асырап алушының) фамилиясы, аты, әкесінің аты, олардың тұрғылықты жері;

асырап алынатын баланың фамилиясы, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы, оның тұрғылықты жері, асырап алынатын баланың ата-аналары, аға-інілері мен апа-қарындастарының бар- жоғы туралы мәліметтер;

бала асырап алушылардың (бала асырап алушының) баланы асырап алу жөніндегі негіздейтін мән-жайлар және осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелер;

бала асырап алушылардың (бала асырап алушының) баланың тууы туралы акт жазбасына тиісті өзгерістер енгізгісі келетін жағдайда, асырап алынатын баланың фамилиясын, атын, әкесінің атын, туған күнін (баланы бір жасқа дейін асырап алған жағдайда), асырап алынатын баланың туған жерін өзгерту туралы, баланың тууы туралы акт жазбасына бала асырап алушыларды (бала асырап алушыны) ата-аналар ретінде жазу туралы өтініш көрсетілуі тиіс.

Бала асырап алу туралы өтінішке қоса келесі құжаттарды ұсыну керек:

- қорғаншылық және қамқоршылық органының асырап алу баланың қызығушылығына сай және негіз бар екендігі жөнінде қорытынды;

- баланың туу туралы куәлігі және акті жазбасының көшірмелері;

- асырап алушылардың тұрмыс жағдайын тексеру актісі;

- асырап алушының денсаулығы, дене және ақыл-есінің дамуы туралы медициналық қорытынды;

- баланы асырап алуға ата-аналарының келісімі.

Кей жағдайларда баланың ата-аналарының келісімінсіз де бала асырап алу жүзеге асырылады.

Егер:

- ата-ана сотпен белгісіз немесе өлген хабар-ошарсыз кеткен деп танылса;

- ата-ана сотпен әрекетке қабілетсіз деп танылса;

- ата-ана сотпен ата-ана құқықтарынан айырылса;

- баламен бірге тұрмайтын және сот дәлелсіз деп таныған себептер бойынша 6 айдан астам уақыт бойы оны тәрбиелеу мен асыраудан жалтарып жүрсе, олардың баланы асырап алуға келісімі талап етілмейді;

- 10 жастан бастап баланың асырап алуға берген жеке келісім берген болса;

- өтініш берушінің көзделген баланың асырап алушысы бола алатындығын дәлелдейтін айғақтар (ереже бойынша балалар мекемелерінің — балалар үйлерінің, басшыларының асырап алушының баламен жасаған екі жұмалық қарым-қатынасы туралы қорытындысы).

- Асырап алу жөніндегі соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін, АХАЖ органдарында баланы асырап алу тіркеліп, асырап алу жөнінде куәлік беріледі.

- Балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктерді есепке алу үшін келесі құжаттар талап етіледі:

- үлгі бойынша нотариус растаған өтініш;

- неке туралы куәліктің көшірмесі (егер де бала асырап алушы некеде болса);

- жеке куәліктің көшірмесі;

- жұмыс орнынан алынған еңбек ақысы көрсетілген анықтама (еңбекақысы, кірісі);

- тұрып жатқан үйі құжаттарының көшірмесі;
- тұрмыстық-тұрғын үй жағдайын тексеру актісі (асырап алушылар тұрып жатқан аумақтағы мектептің қоғамдық инспекторы жасайды; актіні мектеп директоры растайды);
- тұрғылықты жерінен тұрғылықты жерінен қамқоршылық және қорғаншылық органының қорытындысы;
- соттылығының болуы не болмауы жөніндегі мәлімет (оны тек асырап алуға тілек білдірген шетел азаматы тұратын елдің құзыретті органы растауы қажет);
- медициналық (психиатр, нарколог, дерматовенеролог, терапевт және басқалар) тексеру анықтамасы. Мұндағы баланы асырап алуға болмайтын адамның бойындағы аурулардың тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Олардың тізбесі келесідей: жүре пайда болған иммунитет тапшылығы синдромын (СПИД) және иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырғандар (ВИЧ), психикалық аурулар, маскүнемдік, нашақорлық, ұлтты заттарға әуестік, туберкулез, жыныстық қатынаспен таралатын аурулар, алапес, дәнекер тіндердің ауыр сырқаттары, созылмалы ауыр буллезды дерматоздар, I, II-топтағы мүгедектік (қамқоршылық және қорғаншылық органының шешімі бойынша).

Балаларды асырап алуға тілек білдірген шетел тұлғалары ұсынылған құжаттардың аударылуының дұрыстығын растау үшін сот қажет деп таныған жағдайда тиісті мамандарды іске тартуға тиіс.

Сотқа жіберер бұрын жиналған құжаттар қамқоршылық және қорғаншылық органдарына тапсырылады. Қамқоршылық және қорғаншылық органдарынан асырап алу мүмкіндігі туралы жауап алынған кезде, мемлекеттер арасында визалық режим болса, ҚР дипломатиялық немесе консулдық мекемесі шетел азаматтарына елге келу үшін арнайы виза береді. Бұл визаны Астана қаласындағы Консулдық қызмет департаменті береді. Визалардың басқа санаттары бойынша (мысалы, туристік, іскерлік) асырап алу мақсатымен Қазақстан Республикасына келуге рұқсат етілмейді.


Баланың толық, жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жанұя жағдайында, бақыт, мейірім, махаббат аясында тәрбиеленуі қажеттігін, баланың өзі туған елден, сәйкесінше жанұя табылмаған жағдайда шет елдік бала асырау тұрақты отбасын қамтамасыз етерлік мүмкіндік беретінін мойындай отырып, әрбір мемлекет басым мақсат ретінде баланың өз отбасында тәрбиеленуін қамтамасыз ету үшін және баланы ұрлау, сату немесе саудалауды тоқтату үшін шаралар қолдану қажеттігін ескере отырып, халықаралық құжаттауда, атап айтқанда, 1989 жылы 20 қарашада жарияланған «Балаларды қорғау туралы» БҰҰ Конвенциясында, «Балаларды қорғауға және мүддесіне байланысты әлеуметтік және құқықтық принциптер туралы» БҰҰ Декларациясында, 1986 жылы 3 желтоқсанда жарияланған «Ұлттық және халықаралық деңгейде балаларды тәрбиелеу және оларды асырап алу туралы» БҰҰ Бас Ассамблеясының 41/85 ұйғарымында көрсетілген қағидаларды назарда ұстай отырып, 1993 жылы 25 шілдеде «Балаларды қорғау және шетелдік бала асырап алу қатынасындағы ынтымақтастық туралы» Конвенция Гаагада қабылданып, мемлекеттер өзара келісім жасасты [4].

Бұл Конвенцияның мақсаты: шетелдік азаматтармен асырап алынған баланың мүддесін және негізгі құқықтарын қамтамасыз ету; балаларды ұрлау, сату және саудалауды тоқтату үшін өзара келісім жасасқан мемлекеттердің ынтымақтастық жүйесін құру; Конвенцияға сәйкес келісім жасасқан мемлекеттерде Конвенцияға сәйкес жүзеге асырылған бала асырап алудың мойындалуын қамтамасыз ету. Шетелдік азаматтарға асырап алуға берілген балаларға бақылау жасауды Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері жүзеге асырады.

Конвенция мақсаттарының жүзеге асырылуы мен кепілдіктердің әрекет етуі үшін келісім жасасқан мемлекеттер Конвенцияға сәйкес міндеттерді орындау жүктелген органдардан орталық орган тағайындайды. Орталық органдар асырап алынған балаларды қорғау және Конвенцияда көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін бір-бірімен ынтымақтастықта болады және өз мемлекеттерінде толық құқылы үкіметпен өзара ынтымақтастықты дамытады. Олар өз мемлекеті заңдарына сәйкес бала асырап алуға


қатысты ақпараттарды және статистика, стандартты формалар сияқты жалпы ақпараттарды жеткізіп, бірін-бірі конвенция әрекеті туралы баяндап отырады және оның қолданысына кедергі келтіретін барлық жағдайды жойып отыруы үшін тиісті шараларды орындайды. Баланы асырап алуға байланысты өзін ақтамайтын қаржылық немесе басқа да пайданы табу мақсатын көздейтін ұйымдарды жою мақсатында орталық органдар тікелей өздері немесе мемлекеттік билік арқылы барлық тиісті шараларды қолданады.

Елімізде балалықтың базарын сезінбей, шын қуанып күле алмаған, ата-анасына еркелей алмаған сәбилер саны көбейіп барады. Иә, бізде жетім балалар саны көп. Қазірдің өзінде елімізде ата-ана қамқорлығынан айырылған 42494 жетім бала бар екен. Оның ішінде 15116-сы мемлекет қарамағындағы балалар үйлері мен интернаттарда тәрбиеленуде. Сондай-ақ 25315 бала ата-ана қамқорлығына берілсе, қалған 2063 бала отбасы үлгісіндегі ауылдарда тәрбиеленуде. Осы балалардың 2300-нан астамы ғана тұл жетімдер екен [2].




Бұл бүгінгі күннің ащы шындығы. Әрине, жетімдер үйі барлық мемлекеттерде бар. Алайда қазақ ежелден жетімін қаңғыртпаған, жесірін теңтіретпеген халық. Өркениет дамығаннан бері біздің елде де жетімдер үйі, қариялар үйі қаптап кетті. Әрине, бұл тек жеке бастың емес, қоғамның қасіреті, трагедиясы.

Қазіргі кезде елімізде бала асырап алушылардың саны өсіп келеді. Мұны Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлінің шетелдік мекемелердің қызметіне жүргізген талдауы бойынша соңғы уақыттағы қазақстандық балаларды асырап алуға ниет білдіруші шетелдік азаматтардың өтініштерінің өсу үрдісі дәлелдейді. Мысалы, 2009 жылы ғана шетелдіктермен 404 бала асырап алынған. Соның ішінде 149 — Қарағандыдан, 123 — Шығыс Қазақстан облысынан, 93 — Алматыдан, 17 — Оңтүстік Қазақстан облысынан, 12 — Қызылордадан, 10 — Жамбыл облысынан.



Осындағы Шығыс Қазақстан облысының соттарына ғана түскен 123 арыздың 61-і Қазақстан азаматтарынан, 64 арыз шетел азаматтарынан бала асырап алу туралы түскен, 62 шешім шығарылып, 2 арыз қараусыз қалдырылған. Шетел азаматтарының балаларды асырап алу туралы арыздарының барлығы облыстағы екі сотта, яғни, Өскемен қалалық сотында — 43 арыз және Семей қалалық сотында — 19 арыз қаралған [2]. Халықаралық баланы асырап алу туралы сот істеріне талдау жасайтын болсақ, бала асырап алу туралы арыздармен әр түрлі мемлекеттің азаматтары жүгінгенін көреміз.



Ал енді 2005–2009 жылдар аралығындағы консулдық есепке алынған асырап алынған балалардың саны төмендегідей: 5308 - АҚШ, 600 - Испания, 343 - Бельгия, 173 - Германия, 167 - Канада, 140 - Ирландия, 131 - Франция, 25 - Египет, 21 - Израиль, 9 - Италия, 5 - Түркия мен ГФР, 3 - Ресей Федерациясы. Өтініштер санының өсуімен бірге некеге отырмаған, жалғызбасты шетелдік азаматтардан келіп түсетін өтініштердің де саны артты. Алынған деректер бойынша, 6 баланы жалғызбасты шетелдік азаматтар асырап алған [5]. Дегенмен, Қазақстан Республикасы азаматы болып табылатын балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктерді есепке алу әлі де жүргізілуде.

Шетелдік азаматтарға асырап алуға берілген балаларға бақылау жасауды Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері жүзеге асырады. Алайда осы шетелдік бала асырап алушыларды тексеруді жүзеге асыратын консулдық мекемелерде штат лауазымдарының жетіспеушілігі және консулдық қызметкерлердің асырап алынған балалардың тұруы мен тәрбиеленуін тексеруде кейбір шет мемлекеттердегі адамның жеке өміріне араласуға тыйым салынуымен байланысты қиындықтардың да болуын ескерген жөн.

Дүниежүзі бойынша балаларын халықаралық асырап алуға ұсынатын елдердің ішінде Қытай, Вьетнам, Қазақстан алғашқы орындарды алуда. Бала асырап алуға байланысты қызметтерін қаржылық негізде ұсынатын ұйымдар агенттіктер деп аталады. Міне, осы бала

асырап алу жөніндегі агенттіктердің ретке келтірілмеген қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын талдау айғақтайды. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының деректері бойынша, Қазақстан аумағында бала асырап алу жөніндегі шетелдік компаниялардың 28 өкілдігі жұмыс жасайды [6]. Алайда, Павлодар облысы прокуратурасының ақпараты бойынша, тек облыс аумағында 16 шетелдік агенттіктер және 12 бала асырап алушылардың делдалдары жұмыс істейді. Осылайша, Қазақстан аумағында жұмыс жасайтын бала асырап алу жөніндегі халықаралық агенттіктердің саны туралы деректер жүйеленбеген.

Америкада да бала асырап алу қызметін ұсынатын компаниялар жетерлік. Солардың бірі — «For This Child» («Осы бала үшін») деп аталады [2]. Аталған ұйымның ресми сайтында Қазақстаннан бала асырап алуға ұсынылатын бағалар белгіленген. Ұсынылған қызмет түріне баланың күллі құжаттарын реттестіру, кеңес беру, Қазақстандағы бала асырап алу ісін жәрдемдесетін арнайы ұжымның қызметі, үй жалдау, Білім және ғылым министрлігінің жұмысын түсіндіріп, министрлікпен және балалар үйінің өкілдерімен кездесу, Алматы мен аймақта бала асырап алудың барлық қадамын түсіндіру кіреді. Осы қызметтері үшін Америка компаниясы 21000 АҚШ долларын алмақ. Бұдан бөлек, есептелмеген тағы басқа да шығындар бар екен. Олардың ішіне балалар үйлеріне, ондағы тәрбиешілер мен тәрбиеленушілерге сыйлық беру. Ол шамамен 500 доллар маңайында. Сонда жалпы есепте шамамен 30000 АҚШ долларына Қазақстаннан бала асырап алуға болады [7].

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын шетелдіктер асырап алған бала кәмелеттік жасқа толғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтайды. Яғни, оларға кәмелеттік жасқа толғанша дейін қос азаматтықты иелену құқығы берілген. Заңның осы нормасы көптеген жағдайларда шет мемлекеттердің заңнамалық практикасымен шиеленісіп жатады [8]. Осылайша, мысалы, АҚШ азаматы асырап алған бала жедел түрде осы елдің азаматтығын алуға міндетті. Сонымен қатар 1 жасқа жетер-жетпестен асырап алған баланың аты-жөні өзгертіледі. Сондықтан басқа мемлекеттің баласын бақылауға алу өте күрделі.

Жақында шекара асып кеткен ресейлік бала туған жеріне оралды. Америкалық жалғызбасты келіншектің асырауына берілген 7 жасар Артём Хансанның қолында «өгей анасы» американдық Тории Хансанның «баланы асырап алудан бас тартамын» деген бір парақ қағаздан басқа ештеңе болмаған. Осы оқиғадан кейін ресейліктер шетелдіктерге бала беру мәселесін мықтап қолға ала бастады. Тіпті, Ресей Үкіметі ендігі жерде шетелдіктердің бала алуына мораторий жарияламақшы ойда көрінеді. Ал, бізде қалай? Көршіміздің төбесіне төнген «қара бұлт» ертең жүйткі-жүйткі Қазақстанға жетпей ме? Оған қоса, Сыртқы істер мен Білім және ғылым министрліктерінің деректері бір-біріне сәйкес емес. Осылайша, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің деректері бойынша, 2000–2004 жылдар аралығындағы кезеңде шетелдік азаматтар 4173 баланы асырап алса, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша, осы кезең ішінде 355 бала асырап алынған [8]. Шетелдік азаматтар асырап алған, Қазақстан азаматтары болып табылатын балалар мен консулдық есепте тұрған балалардың жалпы саны арасындағы алшақтық көптеген халықаралық бала асырап алу жөніндегі агенттіктер мен қорлардың бірқатар жағдайларда «Не.7ке және отбасы туралы» Заңдарды бұза отырып, атқарған қызметінің салдарынан туындаған. Демек, қазақ балаларын шетелдіктердің асырап алуына Ресейдегідей мораторий жариялау керек пе? Шетелдіктердің елімізден бала асырап алуы қазақ қоғамында көптен бері талас-тартыс туғызып келе жатқан мәселе. Бірі «қазақ ежелден жетімін қаңғыртпаған, балаларымызды жатқа бермейік» десе, енді бірі «бала жат та болса, ата-ананың жылуын сезінгені дұрыс» дейді. Тіпті бір кездері «еліміздегі әрбір шенеунік бір-бір баладан асырып алсын» деген бастама да көтеріліп, аяқсыз қалды. Дәл қазір бір анығы — балаларымызды шетелдіктер үздіксіз асырап алуда және олардың кейбіреуінің «шетелдік» тағдырынан хабарсыз екеніміз де жасырын емес.

Тағы бір айта кетер жайт, өз еліміздің азаматтары жетім балалар үйінен бала асырап алу кезінде көптеген қиындықтарға тап болатынын жарыса айтады. Бұл мүлдем дұрыс емес. Біз, керісінше, жетім балалар үйінен бала асырап алғысы келетін азаматтарға көптеген жеңілдік қарастыруымыз қажет. Мысалы, Ресей Федерациясы қазір бала асырап алған әрбір ата-ананың қамқорлықтарына, балаға айына 4000 рубль жәрдемақы төлеп отыр. Бұдан бөлек, асыраушы ата-аналарға 2500 рубль көлемінде еңбекақы төлейді. Сөйтіп, ресейлік бала асыраушылар айына 6500 рубль мемлекеттен көмек алады. Осы 6500 рубльді біздің ақшаға шақсақ, 32200 теңге болады. 32200 теңге қазіргі дағдарыс жағдайында бір отбасының айлық тамағына жетіп артылмай ма? Бұл аз десеңіз, ресейліктерге бала асырап алғаны үшін бір реттік 11000 рубль (біздіңше 55000 теңге) жәрдемақы беріледі. Міне, мұның барлығы елдегі жетімдер үйі мен балаға зар болып жүрген ата-аналардың санын азайтары анық.

Оның үстіне халықаралық тәжірибеде бұл дәстүр материалдық әрі моральдық жағынан да өзін-өзі әлдеқашан ақтаған. Кейбіреулер мұны жоққа шығарып, «мемлекет бала асырап алғандарға материалдық көмек берсе, елдің бәрі ақша үшін бала алуға ынталы болады» дейді. Жоқ, бұл бала асырап алғысы келетін азаматтарды түрлі жолдармен ынталандырудың әдісі ғана. Сонымен қатар құжат мәселесін барынша оңайлатқан жөн. Осылайша өз балаларымыздың өзімізде қалуына мүмкіндік туғызсақ, жетім балалар үйінде шетел қызығатындай бала да қалмас еді!

2005 жылғы АҚШ-тың арнайы статистикасы бойынша, АҚШ-тағы балалар үйінде 45000 бала бар, сол статистика бойынша, АҚШ-та жылына 3000 бала асырап алынады және олардың орнына балалар үйіне 3000–4000 бала қайтадан түседі. Ендеше, 45000 баласы бар АҚШ неліктен Қазақстан Республикасынан бала асырап алады? Біріншіден, АҚШ-қа қарағанда өзге елдерде бала асырап алу процесінің жеңілдірек болуы, екіншіден, ондай адамдарға өз елдерінің заңдарымен жеңілдіктер беріледі. Мысалы, Солтүстік Ирландияда әр баланы бағып-қағу үшін аптасына 200 АҚШ доллар көлемінде жәрдемақы төленеді. Яғни, әр бала үшін айына 800 АҚШ доллар. Онымен қоса, кәсіпкерлікпен айналысса, белгілі бір деңгейде салықты аз төлейді. Ал баланы асырап алуға қатысты арнайы сараптама жұмыстарының қорытындысы бойынша, қазақстандық бала асырап алушылардың басым контингентінің 95 % орташа табысты азаматтар болса, қалған 5 % жоғары материалдық жағдайы бар азаматтар екен [2].

Израиль елінің заңында: «Еврей тек еврейдің баласын асырап ала алады», — деп жазылған. Израиль жеткен жетістікке қол созып, сондай қатаң талапты өзімізге қояр болсақ, бүгінде қаракөз домалақтарымыз мұхит аспаған болар еді.

Шетелдермен асырап алынуға жататын халықаралық баланың мүддесін және негізгі құқықтарын қамтамасыз етуді мақсат еткен «Балаларды қорғау және шетелдік бала асырап алу қатынасындағы ынтымақтастық туралы» Конвенция сырқат балаларды шетелге емдеуге, әрі қарай бақытты өмір сүруді қолдайтын болса, неліктен осы сырқат балаларды шет мемлекетке асырап алуға дейін емделуге жібермеске? Тек бала емделіп, сау болды деген медициналық қорытындыдан кейін баланы асырап алуды жүзеге асырмасқа? Сонда сырқат балалар да емделеді, «Қазақстан Республикасына өздері емдей алмайды, баланы да емдеуге жібермей отыр» деген сөз де тимейді, әрі Қырғызстандағы болған оқиғаның алдын аламыз. Сондықтан, баланы асырап алуға берсек - бала құқықтарын қорғауды жолға қояйық, асырап алуға бермесек — өз ішіміздегі тәрбиені жөнге келтірейік.

Біз мемлекеттің ең басты қазынасы — халық дейміз де, демографиялық қор болып табылатын жас сәбилерді шетелдіктерге оп-оңай таратып жатырмыз. Не бары 15 млн. халқы бар Қазақстан шетелдіктерге бала беруде 1,5 млрд. халқы бар Қытайдың алдына шығып отыр. Қазақстан шет елге бала беру жағынан әлемде III орын алады. Шет елге мұнай шығарудан IV орын аламыз да, бала беруде III орын аламыз. Қазақстандық қоғамның алдында тұрған бұл өткір, әрі өзекті мәселелер шұғыл шешімді қабылдауды талап етеді.

Ел өмірінің қай кезеңіне көз жіберсек те, балалар тағдыры кімді болса да бейтарап қалдырмай, олар жөніндегі ой қозғар мәселелерді аталы қауым еш уақытта да аттап өткен емес.

Сонымен, қоғамдағы әр түрлі тұлғалардың арасындағы ұзаққа созылған пікірталастардың болуына қарамастан, халықаралық бала асырап алу мәселесі бойынша қалыптасқан келеңсіз жағдай ашық түрде қалып отыр. Аталған мәселе бойынша заңдағы жіберілген қателіктер халықаралық бала асырап алу үрдісіне қатысушылардың әрқайсысына заңдағы ақаулықтар мен түсініксіз жайттарды өз мақсатына жету үшін пайдалану мүмкіндігін беріп, қазақстандық балаларды шетелге заңсыз жолмен алып кетуге жол ашып отыр. Заңнамада Қазақстан аумағындағы халықаралық агенттіктердің қызметіне қатысты тиісті нормалардың болмауы науқас балаларға көмек көрсетумен айналысатын агенттіктердің заңдастырылған қызметіне күмән келтіреді.

Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды, ұлттық бейнемізді, балаларымызды, алдымен, біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, ісімізбен, бүкіл қимыл-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын, табан астында тапталатынын естен шығармайық. Тек өзінен кейінгілерді, ұрпағын ойлай білетіндер ғана ұлттарды өмір сүру және алға басу мүмкіндіктеріне жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» 1998 жылғы 17 желтоқсандағы № 311-І Заңы//Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. - 1998. - №aktobegazeyi.kz/ p=6355
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі. - 13 шілде 1999 жылғы № 411 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. - 1999. - № 18. - 644-қ.
3. Қазақстан Республикасының «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» 2010 жылғы 12 наурыздағы № 253-IV Заңы//Егемен Қазақстан. - № 98,99 (25945). - 17 наурыз.
<http://thenews.kz./2010/01/28/234616.html>
4. Бала асырап алу, соның ішінде Шетел азаматтарының бала асырап алу туралы мәліметтер № 1-У нысанды статистикалық есепті және оны құру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы № 79 Қаулысы.[minber.kz/ p=1213](http://minber.kz/p=1213)
5. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын ұл (қыз) балаларды асырауға тілек білдірген шетелдік азаматтарды есепке алу жөніндегі есепті бекіту туралы» 1999 жылғы 17 маусымдағы № 655 және «Шетелдіктердің асырап алуына берген Қазақстан Республикасы азаматтары болып табылатын ұл (қыз) балаларды есепке алу туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2003 жылғы 11 сәуірдегі № 08–1/31 Бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2005 жылғы 30 қарашадағы № 08–1/363 Бұйрығы // www.zakon.kz

УДК 341.9

ҰЛЫБРИТАНИЯ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ULTRA VIRES ДОКТРИНАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС СИПАТТАМАСЫ

Шуакбаев Адилет Санатович

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті Заң факультетінің
«5В030200 – Халықаралық құқық» мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - з.ғ.м., аға оқытушы Ақылов Д.О.

Азаматтық құқық саласындағы заңды тұлғалар көп жағдайда жеке тұлғаларға ұқсас болып келеді. Адамдар сияқты ұйымдар да заңдық тұрғыдан елеулі іс-әрекеттер жасай алады,